

Қазақстан Республикасы көлік-коммуникация кешенінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 тамыздағы N 786 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.11.24. N 1232 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы Конституциялық Заңының 24-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі комитеті құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Темір жол көлігі комитеті туралы ереже бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Көліктік бақылау комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 8 қыркүйектегі N 1334 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 45, 413-414-құжаттар):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көліктік бақылау комитеті туралы ережеде:

10-тармақтың 2) тармақшасында:

"қатынас жолдарын" деген сөздер алынып тасталсын;

12-тармақтың 3) тармақшасында:

"әуе" деген сөзден кейін "және темір жол" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы ", жол қатынастарын пайдаланудың" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

2) "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 қарашадағы N 1756 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 51, 506 - құжат):

3-тармақ мемлекеттік тілдегі мәтінінде үшінші абзацтағы "комитеті" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші және алтыншы абзацтармен толықтырылсын:

"Темір жол көлігі комитеті;

Көліктік бақылау комитеті;

Аэроғарыш комитеті";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі туралы ережеде:

1-тармақтың екінші абзацы "Аэроғарыш комитеті" деген сөздерден кейін "Темір жол көлігі комитеті" деген сөздермен толықтырылсын.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді- ҚР Үкіметінің 2003.11.21. N 1165 қаулысымен .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2003 жылғы 6 тамыздағы

N 786 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі комитеті туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің құзыреті шегінде темір жол көлігі саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды, темір жол көлігінің қызметін үйлестіруді, реттеуді және бақылауды, сондай-ақ оның құзыретіне жатқызылған салада салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген мөрі және мемлекеттік тілде өзінің атауы жазылған мөртаңбасы, белгіленген үлгіде бланкілері, сондай-ақ банкілерде заңнамаға сәйкес есеп шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Егер Комитетке Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілсе, оның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар бұйрықтар шығарады.

5. Комитеттің штат саны лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің заңды мекен-жайы: 473000, Астана қаласы, Абай даңғылы, 49.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Темір жол көлігі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтайшы құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитетке Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынды.

Егер Комитетке заңнамалық кесімдермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыруға құқық берілген болса, онда осындай қызметтен түскен кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері:

- 1) темір жол көлігі саласында мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 2) өзінің құзыреті шегінде темір жол көлігі саласындағы мемлекеттік реттеу, үйлестіру мен бақылау;
- 3) темір жол көлігінің қызметтер көрсету рыногын қалыптастыруға қатысу;
- 4) Қазақстан Республикасында, одан тыс жерлерде жүк пен жолаушыларды тасымалдау кезінде темір жол көлігін тиімді пайдалануға және магистралдық темір жол желісін дамытуға бағытталған іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;
- 5) темір жол көлігі саласындағы қатынастарды реттейтін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеуге қатысу;
- 6) темір жол көлігі саласында бірыңғай инвестициялық, ғылыми-техникалық саясатты қалыптастыру мен жүргізуді және кадрлар даярлауды қамтамасыз ету;
- 7) өз құзыретінің шегінде темір жол көлігі туралы заңнаманы орындауды қамтамасыз ету;
- 8) өз құзыретінің шегінде темір жол тасымалындағы мемлекеттік мұқтаждар қажеттіліктерін уақытылы және сапалы қамтамасыз етуді жүзеге асыру болып табылады.

11. Комитет заңнамада белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) жүк пен жолаушыларды темір жолмен тасымалдаудағы мемлекет экономикасының және халықтың қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясат пен стратегияны өз құзіреті шегінде іске асыру;
- 2) өз құзіретіндегі мәселелер бойынша темір жол көлігі туралы нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу және қабылдау;
- 3) магистралдық темір жол желісіне еркін және тең қол жеткізудің қамтамасыз етілуін бақылау;
- 4) темір жол көлігімен жолаушылар тасымалдау бойынша қызметтер көрсетуді сатып алу жөніндегі конкурсты ұйымдастыру және өткізу;
- 5) темір жол көлігі саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;
- 6) тиісті мемлекеттік органдармен темір жолдарды және ондағы құрылыстарды салу, пайдалану және күтіп ұстау мәселелері бойынша үйлестіру және өзара іс-қимыл жасау жөніндегі шараларды жүзеге асыру;
- 7) темір жол көлігі объектілері мен кәсіпорындарын жекешелендіру жөніндегі мәселелерді шешуге қатысу;
- 8) жүктелген өкілеттіктер шегінде темір жол көлігі саласындағы халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіру;
- 9) өз құзіретінің шегінде темір жол көлігі саласындағы қызметті мемлекеттік реттеуді, үйлестіруді және бақылауды қамтамасыз ету; <*>
- 10) заңнамамен оған жүктелген өзге де функциялар.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді- ҚР Үкіметінің 2003.11.21. N 1165 қаулысымен .

12. Негізгі міндеттерін іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру мақсатында Комитеттің:

- 1) мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан Комитеттің құзіретіне енетін мәселелер бойынша қажетті ақпаратты, материалдарды, анықтамалық деректерді сұрауға;
- 2) өз құзіретінің шегінде темір жол көлігі саласындағы қызметті реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші бар кесімдер шығаруға;
- 3) темір жол көлігі саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеуге;
- 4) темір жол көлігінде тасымалдау және басқа да функцияларды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалардың темір жол көлігінің жұмыс істеу тәртібін белгілейтін заңнамалық ережелерді олардың сақтауы бөлігіндегі қызметті тексеруге;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлік бар.

14. Комитетке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе басқа тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Комитетке заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке иелік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын төраға басқарады.

Комитет төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Комитет төрағасының екі орынбасары болады.

17. Комитет төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен өз функцияларының жүзеге асырылуы үшін жеке жауап береді.

18. Осы мақсатта төраға:

1) өз орынбасарлары мен Комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) заңнамаға сәйкес Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады және көтермелейді;

4) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережені бекітеді;

5) Комитетті мемлекеттік органдарда, халықаралық және өзге де ұйымдарда білдіреді;

6) Комитеттің бұйрықтарына қол қояды;

7) заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

19. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.